

# БАСТАУЫШ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ

## ПЕДАГОГИКА НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

ӘОЖ 371.13(370)

С.Т.Каргин, А.А.Мұқатаев, С.В.Кузнецова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

### Инновациялық мектеп ретіндегі гимназияның ерекшеліктері

Мақалада гимназияның инновациялық мектеп типі ретіндегі ерекшеліктері зерттелген, «гимназия» ұғымына этимологиялық, ғылыми-педагогикалық талдау жасалған, сол сияқты гимназиялық білімнің негізгі мәселелері қарастырылған. Педагогика теориясы мен практикасында инновациялық мектеп ретінде гимназияны құру мен дамытудың алуан түрлі тұжырымдамаларына сүйене отырып, оның негізгі мақсаты терең ойластырылған гимназиялық білім беру арқылы адамның тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету, оның өмірлік позициясын қалыптастыру, үнемі өзгеріп отыратын қоғамдық құбылыстар жағдайына бейімдеу болып табылатыны көрсетілген.

*Кілтті сөздер:* гимназия, инновациялық мектеп, педагогика теориясы, тұлға, инновациялық білім, гимназиялардың құрылымы, инновациялық оқу орындары, педагогикалық жүйе, гимназиялық білім беру.

Инновациялық білім беруде адамның рухани, мәдени, интеллектуалдық дамуының сұраныстары, ойлауды қалыптастырудың алғышарттары орталық мәселе болып табылады. Сондықтан инновациялық білім беру мақсатын жүзеге асырудың салдары ретінде антропоцентризм бірінші орынға шығып, мақсатты іске асырудың шарасы ретінде де анықталады. Яғни білім беру мазмұны адамға оның сұраныстары мен қызығушылықтарын қанағаттандыратын дәрежеде құрылуы тиіс. Бұл инновациялық білім берудің өзіндік ерекшелігі болып табылады, ол сәйкесінше инновациялық мектептерде жүзеге асырылады.

Педагогика теориясында және практикасында жинақталған пікірлерді ой елегінен өткізу барысында қазіргі уақытта өмір сүріп, қызмет етіп отырған кез келген білім беру мекемесінің инновациялық болып табылмайтыны түсінікті болды. Әрине, қай білім беру мекемесі болмасын, өзінің жұмысы барысында белгілі бір дәрежеде инновацияны енгізеді, дегенмен инновациялық мекеме болу үшін құрылымдық, ұйымдық, мазмұндық тұрғыда инновациялар кешенді енгізілуді және оның тұлғалық бағытталуын қамтамасыз етуді қажет етеді. Ал мұндай сипаттамаға мектептердің салыстырмалы түрде жаңа типтері — гимназиялар мен лицейлер сәйкес келеді.

Бұл мектептердің атауларына этимологиялық талдау жасау олардың түбірінің ежелгі дүние тарихынан, атап айтсақ, ежелгі Грекиядан бастау алатынын көрсетті. «Гимназия» сөзінің түбірі — «гимнос» сөзі грекше «жалаңаштану» деген ұғым береді, ежелгі гректерде «гимназия» — «гимнастика» — дене жаттығуларын жасайтын алаң, балаларға дене тәрбиесін беретін, оларды спорттың түрлері арқылы болашақ өмірге даярлайтын мектеп, кейініректе бұл жерлерде философиялық және басқа ғылымдарға байланысты әңгімелер өткізілген [1].

Гимназияның ежелгі Грекияда балаларды өмірге дайындайтын мектеп болғаны тарихтан мәлім, алғашында мұнда негізінен сол кездегі қоғам сұранысына байланысты жауынгер дайындау мақсатында дене шынықтыруға, жауынгерлік өнерге көп мән берілсе, кейіннен жалпы ғылым негіздері де оқытылады.

Ежелгі Афинада гимназияда жеткіншектер әскери қызметке алынып, азамат құқықтарын алғанға дейін дене, философиялық және саяси білімдерін жетілдірді. Гимназиялардың әрқайсысының мифологиялық дәстүрлермен қалыптасқан өз атауы болды. Олардың ішіндегі ең атақтылары —

Академия (Академ батырдың атындағы) және Ликей (Ликейлік Аполлонның құрметіне аталған) болды, кейіннен бұл атаулар ғылыми және білім беру мекемелері үшін жалпы атауларға айналады [2, 3]. Сонымен бірге Спартадағы Дромос, Афинадағы Киносарг гимназиялары тарихтан белгілі. Жалпы Ежелгі Грекияда гимназиялар жалпы білім беретін мектеп ретінде біздің заманымызға дейінгі V ғасырдан бастау алады. Алғашында «гимназия» атауы дамыған орта ғасырларда, әсіресе XII ғасырда университеттерге берілген екен, олар сонымен қоса *academia* және *archigymnasium* деп те аталған [4].

Еуропада гимназия атауы 1538 жылы Страсбургте ашылған орта мектепке беріліп, содан бері жалпы білім беретін мектеп типі ретінде қарастырылады. Еуропалық Қайта өрлеу және Реформация дәуірінде Германияда гимназия деп оқушыларды университетке түсуге даярлайтын, білім беру мазмұны гуманитарлық болған мектептер атала бастады [5]. XVI–XVII ғасырларда осы елдің көптеген қалаларында гимназиялар ашылады. Сол сияқты бұл елде лицейлер — толық емес немесе жоғары дәрежелі гимназиялар ашыла бастады.

Францияда неміс гимназияларына лицейлер, ал Англияда грамматикалық мектептер сәйкес болды [2; 46]. Бірақ көптеген еуропалық елдердегі оқу мекемелерінің атаулары әр түрлі болғанымен, олардың мақсаты негізінен бір — түлектерді жоғары оқу орнында оқуға дайындау (айта кету керек, қазіргі уақыттағы гимназиялар да өз алдарына осы мақсатты негізгі етіп қояды).

Бізге «гимназия» сөзі Ресей империясы арқылы келді, ал Ресейге өз кезегінде поляк және неміс тілдері арқылы латын тілінен XVII ғасырда келген болатын. 1667 жылы мәскеуліктер патша Алексей Михайловичке (I Петрдің әкесі) «гимназия» ашу туралы өтініш білдіреді. Онда «енбекқор скудейлер (студенттер) «грамматикалық амалдарды, словен, грек, латын тілдерін, басқа да ғылыми даналықтарды» меңгеруі тиіс» болды. 1762 жылдан бастап «гимназия» сөзі сөздіктерден кездесе бастайды [1; 84].

Кенестік кезеңдегі сөздіктерде «гимназияға» «революцияға дейінгі Ресейдегі және кейбір капиталистік елдердегі жалпы білім беретін оқу орны» деген анықтама берілді. XIX ғасырдың басынан бастап Ресей империясында гимназия деп оқушыларды университеттерде оқуға даярлайтын жалпы білім беретін оқу орындары аталды. 1804 жылдан бастап ерлер гимназиясы Ресейдегі жалпы орта білім беретін мектептің негізгі типі болды. 1870 жылдан бастап ашыла бастаған әйелдер гимназиясы 7 жылдық (8-ші сынып — арнайы, педагогикалық), 1871 жылдан бастап ерлер гимназиясы 8 жылдық болды.

Гимназиялар мазмұндық жағынан қалай ұйымдастырылды? Бірінші орында «классикалық гимназиялар» тұрды, оларда классикалық тілдер (*класс* — «үлгі» деген сөзден шыққан) оқытылды. Классикалық тілдерге грек, латын, ескі славян тілдері жатқызылды [1; 85]. Сонымен қатар орыс тілі мен жаратылыстану ғылымдарына да ерекше мән берілді. XX ғасырдың 80-ші жылдарының соңында КСРО-да алғаш ашылған гимназияларда жоғарыда аталған тілдерді оқу жоспарына енгізу сөздің тура мағынасында «классикалық гимназия» үлгісін жаңғыртуға тырысушылық еді. Бірақ уақыт өте келе мұндай тікелей көшіру қазіргі қоғам сұраныстарына жауап бермейтіні көрінді.

«Реалды гимназияларда» бірінші кезекте математика-жаратылыстану ғылымдары: математика, физика, т.б. пәндерді оқытуға мән берілді. Кейін бұл гимназиялар реалды училищелерге айналды, яғни оларда жоғарыда айтылған пәндерге қоса бір кәсіптің түрін беру қолға алынды.

Қазақстандағы алғашқы гимназиялар патшалық Ресейдің білім беру жүйесінің бөлігі ретінде XIX ғасырдың ортасынан бастап ашыла бастап, оларда жергілікті ұлт өкілдерінің оқуына мүмкіндік берілді. Мәселен, Верный, Орал, Семей, Омбы қалаларындағы гимназиялар жанынан ашылған интернаты бар арнайы бөлімде 1916 жылы 76 қыз және 139 ұл мұсылман балалары, негізінен қазақтар оқығаны тарихи деректерден белгілі. Сонымен бірге Қазақстанда 1916 жылы 13 гимназия мен 4 реалды училищенің болғаны мәлім [6].

Қазан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейін, 1918 жылғы 30 қыркүйекте қабылданған «Положение об единой трудовой школе» деп аталатын құжат іс жүзінде жалпы орта білімнің бір типтілігін қалыптастырды.

70 жылдан астам үзілістен кейін гимназиялар қайта құрылып, жұмыс жасай бастады. Құқықтық-нормативтік, мазмұндық жағынан арнайы мәртебе алған КСРО-дағы алғашқы гимназиялар 1989 жылғы 1 қыркүйекте Мәскеу қаласында ашылды, бұлар бұрынғы № 13 (директоры — А.С.Бубман), № 67 (директоры — Е.С.Топаллер) және № 388 (директоры — А.Г.Каспржак) мектептер еді [7]. Кейін мектептің бұл типі бұрынғы Одақтың барлық түпкіріне тарады.

Кенестік Социалистік Республикалар Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіз елдердің білім беру жүйесінде жаңа заңдардың қабылдануымен мектептің жаңа типтері білім беру жүйесіне нығыз еніп,

күнделікті құбылысқа айналды. Мысалы, 1992, 1999, 2007 жылдары қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңдарында олар ерекше аталып өтеді.

Бүгінгі күні елімізде гимназиялардың саны бірқатар өсті. 2011–2012 оқу жылының басында елімізде барлығы 149 гимназия мен 64 лицей тіркелді, ал олардың ішінде қазақ тілінде жұмыс жасайтын гимназия — 36, лицей — 11. Бұл барлық күндіз оқитын мектептердің 2,4 пайызын құрайды. Ал Қарағанды облысында жалпы гимназия саны — 16, гимназия сыныптары бар мектептер — 12, лицей — 9.

Гимназиялардың мазмұндық-құрылымдық ұйымдастырылуы әр текті. Дегенмен, барлық гимназияға ортақ нәрсе — олардағы үздіксіз жүретін инновациялық процестер болып табылады.

Жалпы қазіргі кезде «гимназия» ұғымының педагогика теориясы мен практикасында қолданылып жүрген анықтамалары әр түрлі. Солардың кейбіреуін салыстырып көрелік (1-кесте):

1 - кесте

**Педагогикалық әдебиеттерде «гимназия» ұғымының интерпретациялануы**

Р/с №	Көзі	Берілген анықтама
1	Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология [8]	Гимназия — негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оқушыларды олардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес тереңдетіп, салаға бөліп, саралап оқытуды көздейтін, жалпы орта білім беретін оқу орны
2	Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. [9]	Гимназия — негізінен гуманитарлық білім беретін және оқушыларды негізінен университетке түсуге даярлайтын орта оқу мекемесі
3	Педагогика: педагогические теории, системы, технологии / Под ред. С.А.Смирнова [10]	Гимназия — фундаменталдық ғылымдардың түрлі салаларындағы шығармашылық және зерттеу іс-әрекетіне даяр, кең білімді интеллигентті тұлға қалыптастыруға бағдарланған жалпы білім беретін мекеме түрі
4	Катаев Е. [11]	Гимназия — барлық оқу пәндері бойынша интеллектуалдық еңбекке бейім оқушыларды оқыту жүзеге асырылатын, жалпы білім беру стандарты қамтамасыз етілетін орта оқу орны
5	Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. [12]	Гимназия — негізінен гуманитарлық-филологиялық бағыттағы оқу орны, білім беру бағытына қарай вариативтілікті қамтамасыз ететін пәндер бойынша тереңдетілген білім беріледі және онда жалпы білім беретін пәндер мен оқушылар таңдаған бейім бойынша ғылым негіздерінің курстары игеріледі
6	Шарай Н.А. [13]	Гимназия — лидерлік сапалары бар адамды жоғары ұйымдастырылған әлеуметтік құрылымдар үшін даярлайтын жоғары деңгейлі білім беретін гуманитарлық білім беру мекемесі

Көріп отырғанымыздай, «гимназия» ұғымына анықтама беруде ғалымдар, біріншіден, оқушыларды даярлауда ерекше талаптарға, екіншіден, сол оқушылардың өздерінің даму деңгейінің жоғарылығына сүйенеді. Анықтамаларда кездесетін бағыттылық белгісі қазіргі гимназиялар үшін елеулі емес; себебі гимназиялардың жұмыс барысын талдау олардың бағыттарының көпполярлы екендігін көрсетті.

Бүгінгі таңда гимназиялық білім беру ерекше орын алады, себебі гимназия өз статусына сәйкес оқушыларды жоғары оқу орнында оқуға даярлауды бір міндеті ретінде көрсетеді. Гимназиялар болашақ интеллигенцияны, ой еңбегі адамдарын даярлайды. Сондықтан гимназиялардың, лицейлердің оқушылары үшін тұлғаның интеллектуалдық, шығармашылық және адамгершілік дамуы — білім берудің әдіснамалық негізінің мәні [14].

Кеңес Одағындағы гимназиялық білім беруді қалыптастырудың алғашқы қарлығаштарының бірі — А.Г.Каспржактың айтуынша, гимназия атауының өзі көп нәрсеге міндеттейді. Алғашқы екі жылдық (1989–1990, 1990–1991 оқу жылдары) жұмыс жаңа оқу мекемесінің абстрактілі схемасын меңгеру және қайта қарау уақыты болды [7; 27]. Оның пікірінше, қазіргі гимназияның тұжырымдамасына енгізілетін қосымшалар төмендегідей болуы тиіс:

1. Прогимназиядан (V–VII сыныптар) және гимназияның өзінен (VIII–XI сыныптар) тұратын кіші оқу орнын құру. Бір мектеп шеңберінде гимназиялық және гимназиялық емес сыныптарды біріктірудің мүмкін еместігі.

2. Міндетті түрде оқу жоспарларында гимназиялық білім берудің культурологиялық ядросын айқындау.

3. Шет тілін интенсивті оқыту, онымен бір мезгілде екінші шет тілін меңгерту.

4. Гимназияда кураторлар институтын қайта жаңғырту (сынып айымдары).

5. Мектептің барлық педагогтарының авторлық бағдарламалармен жұмыс істеуі. Бұл бағдарламалар әдістемелік бірлестіктер анықтайтын жалпы принциптерге негізделуі керек.

Осылайша гимназия — эксперименталдық алаңға, ал әдістемелік бірлестік әдістемелік лабораторияға айналады.

Өзінің осындай ұсыныстарына түсінік беру үшін А.Г.Каспржак олардың кейбіріне нақты тоқталады. Мәселен, прогимназияның мақсаты — болашақ гимназистер ядросын даярлау, толыққанды мектеп ұжымын құру. Прогимназиядағы білім беру белгілі бір дәрежеде отбасы тәрбиесі кемістіктерін өтеуге, баланы гуманитарлық жағынан дамытуға бағытталады. Гимназияда білім беру бейінділігімен ерекшеленеді, онда бейіндік пәнде жоғары оқу орны деңгейінде оқытылады. Гимназияның оқу жоспарының басты ерекшелігі — оны білімнің жалпымәдени ядросы негізінде құрудан көрінеді [7; 29]. Тәжірибе мектептің жоғары сатысында философия, логика, риторика, т.б. пәндерді оқыту мүмкіндігі мен қажеттігін көрсетіп берді.

Жалпы, гимназияның білім беру саласындағы өзіндік мақсаттары мен міндеттері бірінші кезекте анықталуы тиіс. Олар:

1) кәсіби білім бағдарламасын игеруге және кәсіп түрін саналы таңдауға дайын, қоғам өміріне бейім, жоғары мәдениеті, зерделі тұлғаны қалыптастыру;

2) негізгі білім бағдарламаларын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету;

3) оқушылардың оқу іс-әрекеті барысындағы дарындылығын, қабілеттілігін анықтау;

4) оқушыларды білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты деңгейін арттыра отырып, бейіндік пәндер бойынша оқыту;

5) оқушыларға ерте кәсіби бағдар беру;

6) оқушыларды оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері мен технологиясы арқылы олардың өзіндік танымдық іс-әрекеті дағдылары мен шығармашылық қабілеттіліктерін қалыптастыру;

7) білім беру процесінде отандық және шетелдік педагогикалық озық тәжірибелерді кеңінен пайдалану, кәсіптік құзырлылық пен шығармашылық іс-әрекетке ынталандыру;

8) оқушыларға жоғары оқу орнында оқуын жалғастыруға бағдар беру [14; 87, 88].

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі гимназиялардың құрылымы үш сатыдан тұрады (2-кесте):

2 - к е с т е

**Қазақстан Республикасындағы гимназиялардың құрылымы**

Р/с №	Сатылар	Сыныптар	Қызметі
1	2	3	4
1	Бастауыш	1–4 сыныптар	Оқу қызметінің негізгі іскерліктері мен дағдыларын, теориялық ойлау элементтерін, оқу іс-әрекетінде өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бейімдеу біліктілігін, сөйлеу мәдениетін және тәртібін қамтамасыз етеді, баланың жеке даму қабілеті мен даму деңгейін анықтауға бағытталған
2	Гимназияға бағытталу	5–9 сыныптар	Оқушылардың жеке басының қалыптасуын, жалпы мектептің негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын игеруін, өзіндік дамуын, дағдылардың қалыптасуын, өзіндік бағыт-бағдар алуын, өзін-өзі тануын және шығармашылық іс-әрекетін қамтамасыз етеді

1	2	3	4
3	Гимназия	10–11 сыныптар	Негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын меңгеруді, саралап оқытуды, мамандандыруды, зерттеу жұмыстарын жүргізуге әзірлікке бағдарлауды, шығармашылық дағдыларын қалыптастыруды және өзін-өзі кәсіптік жете тану негізінде жалпы орта білім беруді аяқтауды қамтамасыз етеді

Бұл жерде бір ескере кететін жайт, гимназия екінші немесе үшінші сатыдан бастап дербес білім беру мекемесі болып қызмет атқара алады. Гимназияның жұмыс бағытына да шектеу қойылмайды: ол гуманитарлық, педагогикалық, жаратылыстану-математикалық, эстетикалық, т.б. бағыттарда, сондай-ақ көп бейінді бағытта жұмыс істеуі мүмкін.

Гимназияларға білім беру саласын басқару ұйымдары тарапынан бірқатар талаптар қойылады: жоғары білікті мамандармен, қажетті оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілгенде және әлеуметтік сұраныстың қажетіне орай Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органының келісімімен сараптаушы кеңес жасаған қорытынды негізінде тиісті білім органдарының ұсынысы бойынша жергілікті атқару органдарының шешімімен ашылады [15]. Гимназиялар өз жұмысын ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Конституциясын, «Білім туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасы гимназияларының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелер», «Білім беру қызметін лицензиялау ережесі», «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау туралы ереже», т.б. нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы гимназияларының ұйымдық ерекшеліктерінің бірі — оларға оқушылардың қалауы бойынша қосымша курстар мен факультатив сабақтар (әр сыныпқа 4 сағат) және үйірмелер мен клубтар, ғылыми қоғамдар мен студиялар, т.б. ұйымдастыру үшін әр сыныпқа 0,25 жүктеме мөлшерінде, сондай-ақ элективті курстар мен келісім-шарт негізінде жоғары дәрежелі арнайы дәрістерге ақы төлеуге жылына 1500 сағат есебінен қаржы бөлінді.

Педагогика теориясы мен практикасында инновациялық мектеп ретінде гимназияны құру мен дамытудың алуан түрлі тұжырымдамалары бар. Оның ішінде педагогикалық бағыттағы оқу орны ретінде А.Г.Каспржактың даму тұжырымдамасы (Мәскеу қаласы, № 388 гимназия), гимназия дамуының прогностикалық тұжырымдамасы (Мәскеу қаласы, № 1512 гимназия, авторлары — Б.С.Гершунский, Е.С.Полат, В.В.Кулашкина, т.б.), гендерлік саралау негізінде құрылған гимназия тұжырымдамасы (Қазақ әйелдер гимназиясы, Екібастұз қаласы, авторы — Л.С.Сырымбетова), тәрбие жүйесі ретіндегі гимназияның тұжырымдамасы (№ 9 гимназия, Қарағанды қаласы, авторы — Н.Хван) және педагогикалық инновацияларды басқару негізінде жасалған ұлттық гимназияның тұжырымдамасы (№ 92 қазақ гимназиясы, авторы — Ш.Қ.Әмір) ерекше назар аударуға тұрарлық.

Инновациялық оқу орындары өз тұжырымдамаларын басшылыққа ала отырып, нақты даму бағдарламаларын жасайды. Мәселен, жоғарыда аталған № 1512 гимназияның даму бағдарламасында 8 негізгі модульдер қарастырылады:

- 1-модуль. Педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігін талдау;
- 2-модуль. Білім берудегі басым бағыттар, мақсаттар мен міндеттер;
- 3-модуль. Федералдық және аймақтық стандарттарға сай келетін оқу пәндерін таңдау;
- 4-модуль. Гимназиялық білім беру мазмұнын сипаттайтын оқу пәндері мен бағдарламаларының тізбесі;
- 5-модуль. Оқушылардың бастапқы кәсіби даярлығын, олардың қызығушылықтары бойынша дамуын қамтамасыз ететін қосымша білім беру бағдарламаларының жиынтығы;
- 6-модуль. Бағдарламалардың вариативті бөлігін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
- 7-модуль. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру;
- 8-модуль. Мониторинг арқылы бағдарламаның іске асырылуын басқару [14; 17].

Көріп отырғанымыздай, гимназияның даму бағдарламасында оқу орны жұмысының барлық салалары қамтыла отырып, негізгі көңіл гимназиялық білім беру мазмұнын жетілдіруге бөлінген. Оның ішінде оқу жоспарының вариативті бөлігіне ерекше мән беріледі. Бұл түсінікті жайт, себебі жоғарыда атап кеткендей, гимназияның ең басты ерекшеліктерінің бірі — оның қосымша білім беру бағдарламаларын тиімді іске асыруы.

Кез келген оқу орны тәрізді гимназия — бұл нәтижесі осы жүйені құрайтын төмендегі компоненттердің негізділігінен тәуелді педагогикалық жүйе:

- білім беру-тәрбиелеу іс-әрекетінің мақсаттары;
- оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мазмұны;
- педагогтың оқыту (тәрбиелеу, дамыту) іс-әрекетінің әдістері;
- білім беру мақсаттарына жету үшін қолданылатын құралдар;
- оқушыларды танымдық, тәрбиелік және дамытушылық іс-әрекеттерге тартудың ұйымдық формалары [15; 18].

Жоғарыда аталған педагогикалық жүйенің барлық компоненттері өзара байланысты және педагогика ғылымында белгілі болып отырғандай құрылған жүйенің жұмысының тиімділігі оның компоненттерінің үйлесімді қабысуынан тікелей тәуелді.

Айтылған мәселелерді тұжырымдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады: гимназияның жетекші бағдары — адам, тұлға, білім. Гимназия іс-әрекеті — гимназия түлектерінің өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуге және жалпыадамзаттық пен ұлттық мәдениет жүйесіне кірігуіне мүмкіндік беретін әмбебап білім алуы; интеллектуалдық қабілеті жоғарыдағы балаларға арналған бағдарламаларды іске асырудың халықаралық талаптарға сәйкестігі: күрделендірілген оқу материалыны мазмұны, бағдарламаларды диверсификациялау, ойлау процесінің жоғары деңгейі, оқушыларда рефлексивті дағдылардың дамуы; интеллектісі, зерттеу еңбегінің дағдылары дамыған, мәдениет деңгейі жоғары, саналы таңдауға және әр түрлі кәсіби білім беру бағдарламаларын игеруге дайын тұлға тәрбиелеуге жағдай жасау.

Гимназияның спецификасын анықтай отырып, «гимназиялық білім беру» ұғымына мазмұны теориялық ойлау деңгейімен, нормативтік деңгейімен, іске асыру деңгейімен және тұлғалық деңгейімен сипатталатын кешенді білім беру деген анықтама беріледі. Осыған сәйкес гимназиялық білім берудің спецификасы барлық оқу пәндерін меңгеру барысында шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін кеңейту болып табылады.

Гимназиялық білім берудің философиялық-тарихи негізі тәрбиенің мақсатына сай жан-жақты, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру, адамды жетілдіру идеясы болып табылады. Л.М.Перминованың пікірінше, гимназиялық білім беру өзіндік сипаттарға ие [4; 66]. Оның сипаттарын 3-кестеден көруге болады.

3 - кесте

### Гимназиялық білім берудің сипаттары

Р/с №	Сипаты	Мәні
1	Фундаменталдығы	Білімдердің ғылымылығы және жүйелілігі, мазмұндық, формалдық және құндылықтық циклдерінің аяқталғандығы
2	Тұтастығы	Барлық құндылықтардың антропологиялық феномендер ретінде рәсімделуі
3	Толыққанды гуманитарлығы	Гуманистік құндылықтар — принцип ретінде мазмұнның гуманитарлығы — оны меңгеру құралы ретінде диалог — нәтиже
4	Жоғары оқу орнына бағытталуы	Фундаменталдығы, ашықтығы, диалог/көптілдік білім
5	Интеллектуалдығы және интеллигенттілігі	Білім мазмұнының адамның жоғары сапаларын қалыптастыруға бағытталуы
6	Әлеуметтік-мәдени ортада тұрақтылығы	Тарихилық — таңдау — тәртіптілік — символизм — аксиологизм

Гимназиялық білім беру мазмұны гуманитарлығымен (адаммен, оның тарихи өткенімен, іс-әрекет тәжірибесімен байланысты білім), сыртқы рухани ашықтығымен (ақпараттарға, жаңа тенденцияларға, технологияларға), динамикалылығымен (диалогқа түсу қабілеті, технологиялылығы, мазмұнның құндылық-мағыналы әлеуеті), оқушының өз білімін және өзін ақпаратты кеңістікте сезіне алуымен сипатталады.

Н.А.Шарай «гимназиялық білім беру» ұғымы шеңберінде «гимназиялық білім» түсінігін анықтайды, оның пікірінше, бұл — оның әдіснамалық, технологиялық, құндылықтық және

синергетикалық тәрізді инварианттық аспектілерінің тұтастығынан туындайтын әмбебап білім [13]. Гимназиялық білімнің аспектілерінің түсініктемесі төмендегі 4-кестеде берілген:

4 - к е с т е

## Гимназиялық білімнің аспектілері

Р/с №	Атауы	Мәні
1	Әдіснамалық	Ғылыми теория құрылымына сай құрылымдалған мазмұн, бұл оқушының эмпирикалық түсініктен құбылыстарға, заңдылықтар мен ғылыми фактілерге және одан әрі теория мен оның салдарына өтудің құрылымдық-функционалдық байланысын саналы түсінуі
2	Интеллектуалдық-технологиялық	Әдіснамалық бағдарлар негізінде адамның ойлау процедураларының икемділігі, шығармашылық іс-әрекетке қабілеттілігі
3	Құндылықтық	Адамзаттың әлеуметтік, рухани және материалдық-практикалық іс-әрекеті салаларындағы жоғары жетістіктерінің жиынтығы ретінде гуманитарлық ойлаудың, адамның рефлексиясының, мәдениет құндылықтарында бағдарлануының, өзіндік анықталуының спецификалық ерекшеліктері
4	Синергетикалық	Гимназисттің өзіндік даралануын, өзіндік анықталуын, өзін-өзі ұйымдастыруын, өзіндік рефлексиясын, өзіндік дамуын қамтамасыз ететін, лидерлік сапасын, қайшылықты көре және оны шеше білу дағдыларын тәрбиелейтін білімдер

Қорыта келе, бүгінгі гимназиялардың жағдайы көптеген қарама-қайшылықтармен сипатталатынын атап көрсетуге болады:

- дәстүрлі постиндустриалды (ақпараттық) қоғам құндылықтары арасындағы;
- процесс пен нәтиже ретіндегі құндылықтар мен білім берудің мақсаттары арасындағы (құндылықтар үздіксіз, бөлінбейді, тұтас, мақсаттар — дискретті, түпкілікті);
- жалпы және жалқы ретінде мектептік және гимназиялық білім беру мақсаттары арасындағы;
- мектеп дамуы парадигмасы (өмірге дайындау) және гимназия дамуы парадигмасы (университетке дайындау) арасындағы;
- гимназия мен гимназиялық білім беруді басқарудың жүйелі тәжірибесі (бұрынғы) мен жаңа мәдени-тарихи жағдайларда дамып отырған гимназиялар мен гимназиялық білім беру туралы шашыраңқы пікірлер арасындағы қайшылықтар.

Осы қайшылықтардың жойылуы барысында біз гимназия және гимназиялық білім беру туралы жүйелі түсініктер қалыптастыруға және оны классикалық түрде жүзеге асыруға мүмкіндік аламыз.

Сонымен, инновациялық мектеп типі ретінде гимназияның негізгі мақсаты — терең ойластырылған гимназиялық білім беру арқылы адамның тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету, оның өмірлік позициясын қалыптастыру, үнемі өзгеріп отыратын қоғамдық құбылыстар жағдайына бейімдеу болып табылады.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Брагина А.А. Школа, гимназия, лицей // Русская словесность. — 1998. — № 2. — С. 84, 85.
- 2 Перминов А.В. К вопросу о содержании понятий «гимназия» и «лицей» // Современная школа и ее влияние на развитие психолого-педагогической науки: Сб. науч. тр. — Усть-Каменогорск: ВКГУ, 1995. — С. 45–48.
- 3 Перминов А.В. Гимназии и лицеи в истории образовательных систем: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. — Алматы, 1997. — 27 с.
- 4 Перминова Л.М. Социокультурный смысл гимназического и лицейского образования // Инновации в образовании. — 2006. — № 5. — С. 63–72.
- 5 Савельев А. Инновационное образование и научные школы // Вестн. высшей школы. — 2000. — № 5. — С. 15–18.

- 6 *Макатова Ж.А.* Становление и развитие начального образования в республике // Образование в Казахстане: история и перспективы: Материалы респ. науч.-практ. конф. Ч. 1. — Алматы, 1999. — С. 16–21.
- 7 *Каспржак А.Г.* Педагогическая гимназия: Книга для учителя. — М.: Просвещение, 1992. — С. 23.
- 8 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред. басқ. А.Қ.Құсайынов. — Алматы: Мектеп, 2007. — 63-б.
- 9 *Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н.* Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования: научный фонд и перспективы развития. Кн. 1. — Алматы: Ғылым, 2001. — С. 63, 64.
- 10 Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: Учеб. пособие для студентов средн. пед. учеб. зав. / Под ред. С.А.Смирнова. — М.: Академия, 1999. — 544 с.
- 11 *Катаев Е.* Общеобразовательные школы нового типа: реальность и перспективы // Қазақстан жоғары мектебі. — 1998. — № 2. — С. 87–92.
- 12 *Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю.* Педагогический словарь. — М.: Изд. центр «Академия», 2001. — С. 48.
- 13 *Шарай Н.А.* Теоретические основы управления развитием гимназического образования: Автореф. дис. ... д-ра пед. наук. — М., 2001. — 45 с.
- 14 Современная гимназия. Взгляд теоретика и практика / Под ред. Е.С.Полат. — М.: ВЛАДОС, 2000. — С. 8.
- 15 ҚР гимназияларының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелер // Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама: Заң актілерінің жин. — Алматы: Юристъ, 2004. — 87–90-б.

С.Т.Каргин, А.А.Мукатаев, С.В.Кузнецова

### Особенности гимназии как инновационной школы

В статье рассмотрены особенности гимназии как типа инновационной школы, проведен этимологический, научно-педагогический анализ понятия «гимназия», исследованы основные вопросы гимназического образования. С упором на различные концепции создания и развития гимназии как типа инновационных школ в теории и практике педагогической науки показано, что ее главной целью является обеспечение личностного развития человека, формирование его жизненной позиции, адаптация к динамичным общественным явлениям посредством продуманного гимназического образования.

The article considers the peculiarities of gymnasium as an innovative school type, and there etymological and scientific-pedagogical analysis of the concept of «gymnasium» is given and provides basic issues about gymnasium education are distinguished. Based on the different concepts of creation and development of the school as a type of innovative schools in the theory and practice of teaching science shows that its main purpose is to provide a personal human development, the formation of his position in life, adapting to dynamic social phenomena through deliberate secondary education.